

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2710 Заңы.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "жауынгерлік техниканы", "жауынгерлік техника", "жауынгерлік техниканың", "жауынгерлік және басқа да техниканы", "жауынгерлік техникасын" деген сөздер тиісінше "әскери техниканы", "әскери техника", "әскери техниканың", "әскери және өзге де техниканы", "әскери техникасын" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. ҚР 1997.06.19 № 134 Заңымен енгізілген толықтырулар мен өзгертулер 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне кіреді.

Осы Заң Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдары мәртебесін, өкілеттіктерін және қызметінің ұйымдастырылуын айқындайды.

Ескерту. Тақырып пен кіріспе өзгерді, бүкіл мәтін бойынша "Жарлық", "Жарлыққа", "Жарлықта", "Жарлықтың", "Жарлықтан" деген сөздер тиісінше "Заң", "Заңға", "Заңда", "Заңның", "Заңнан" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2002.03.21 № 309, Мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - V" деген цифрлар тиісінше "1 - 5" деген цифрлармен ауыстырылды - 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары (бұдан әрі – ұлттық қауіпсіздік органдары) – Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын арнаулы мемлекеттік органдар, олардың қызметінің мақсаттары мыналар болып табылады:

1) жеке адамның және қоғамның қауіпсіздігін, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс негіздерін, Егемендігі мен Тәуелсіздігін, унитарлығын, аумақтық тұтастығын, экономикалық, ғылыми-техникалық және қорғаныс әлеуетін қорғауды қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасының Құрылтайын Қазақстан Республикасының Үкіметін және басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдарды шешімдер қабылдау үшін барлау ақпаратымен қамтамасыз ету мақсатында барлау қызметін жүзеге асыру және үйлестіру, сондай-ақ мемлекет басшылығының саяси, қаржылық-экономикалық, әскери-саяси, ғылыми-техникалық,

гуманитарлық, экологиялық және Қазақстанның ұлттық мүдделерін қозғайтын өзге де салалардағы саясатын іске асыруға жәрдемдесу.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

1-1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) астыртын әрекет ету – құпия ақпарат көздерін жедел шифрлау және оларға қолжетімділікті жабу арқылы қарсы барлау, барлау күштерін, құралдарын, іс-қимылдарын, жоспарлары мен ниеттерін жасыру, қадағалаудың ерекше тәртібін белгілеу;

2) алып тасталды - ҚР 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3) техникалық барлауға қарсы іс-қимыл – мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің техникалық арналар бойынша таралып кетуін, бағдарламалық және аппараттық-бағдарламалық құралдарды қоса алғанда, оларға техникалық құралдармен әдейі әсер етуді болғызбауға бағытталған қызмет;

4) ұлттық қауіпсіздік органдарының Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріндегі ресми өкілі, оның көмекшілері – ұлттық қауіпсіздік органдарының штатында тұратын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындау үшін Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне жіберілген қызметкерлер, әскери қызметшілер.

Ескерту. Заң 1-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2017 № 128-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 291-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2026 № 326-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

2-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдарының міндеттері

1. Ұлттық қауіпсіздік органдарының міндеттері:

1) жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыруға қатысу;

2) "Сыртқы барлау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының мүддесі үшін барлау ақпаратын іздеп табу;

3) қарсы барлау қызметін жүзеге асыру;

3-1) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге қатысты техникалық барлауға қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті үйлестіру және жүзеге асыру;

4) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс негіздерін күштеп өзгертуге, аумақтық тұтастығын бұзуға және ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге бағытталған терроризм және өзге де қызметті анықтау, алдын алу және тыю;

4-1) Қазақстан Республикасында терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті үйлестіру;

4-2) аса маңызды цифрлық объектілердің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде цифрландыру саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

5) заңмен Ұлттық қауіпсіздік комитеті органдарының жүргізуіне жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау, тыю, ашу және тергеу;

5-1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес;

6) Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын, Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларын бейбіт кезде және соғыс уақытында үкіметтік байланыспен қамтамасыз ету;

7) Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарында, әскери басқару, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарында шифрлау жұмысын ұйымдастыру;

8) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауды және күзетуді қамтамасыз ету;

9) Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерін физикалық қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

2. Ұлттық қауіпсіздік органдарына осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен өзге де міндеттер жүктелуі мүмкін.

Ескерту. 2-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1997.05.16. № 110, 2002.03.21 № 309, 2010.05.27 № 279-IV, 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.04.23 № 14-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2013.01.16 № 71-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2017 № 128-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.06.2026 № 311-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-

VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.06.2026 № 326-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің құқықтық негізі

Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің құқықтық негізін:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары;
- 2) осы Заң;
- 3) Қазақстан Республикасының осы Заңға қайшы келмейтін және онымен реттелмеген бөлігіндегі басқа да нормативтік құқықтық актілері;
- 4) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелері;
- 5) Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары;
- 6) Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы Ереже құрайды.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 05.11.2022 № 157-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің негізгі қағидаттары

Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметі заңдылық, құпиялылық, астыртын әрекет ету, дара басшылық, баршаның заң алдындағы теңдігі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу және сақтау, саяси партиялар мен өзге де қоғамдық бірлестіктер қызметінен тәуелсіз болу қағидаттарына негізделіп құрылады.

Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы

1. Ұлттық қауіпсіздік органдары өз қызметін жүзеге асырған кезде мемлекет адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік береді.
2. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары заңда тікелей көзделген ерекше жағдайларда және тәртіппен ғана шектелуі мүмкін.
3. Ұлттық қауіпсіздік органдары заңмен белгіленген шектерде әрбір азаматқа оның құқықтары мен мүдделерін қозғайтын құжаттармен, шешімдермен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.
4. Ұлттық қауіпсіздік органдарының, олардың қызметкерлерінің, әскери қызметшілерінің және жұмыскерлерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған ұлттық қауіпсіздік органдарына, прокуратураға, сотқа Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2002.03.21 № 309, 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін

күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен;
29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен, шет мемлекеттердің арнаулы қызметтерімен өзара іс-қимылы және ынтымақтастығы

Ескерту. 6-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Ұлттық қауіпсіздік органдары өз қызметін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырады. Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың лауазымды адамдары, әскери құрамалардың және бөлімдердің қолбасшылығы ұлттық қауіпсіздік органдарына оларға жүктелген міндеттерді шешуде жәрдем жасауға міндетті.

2. Ұлттық қауіпсіздік органдарының шет мемлекеттердің арнаулы қызметтерімен және үкіметтік байланыс органдарымен, халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1997.05.16 № 110, 2002.03.21 № 309;
11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-тарау. Ұлттық қауіпсіздік органдарының жүйесі және олардың қызметін ұйымдастыру

7-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдарының жүйесі

Ұлттық қауіпсіздік органдарының бірыңғай жүйесін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – Ұлттық қауіпсіздік комитеті), оның ведомстволары, ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық және өзге де органдары, арнаулы мақсаттағы бөлімшелер, оқу орындары, ғылыми-зерттеу мекемелері және басқа да ведомстволық бағыныстағы ұйымдар құрайды.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті, оның ведомстволары, ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық және өзге де органдары өздері тұрған жерден тыс жерлерде уәкілетті органда есептік тіркелуге жатпайтын өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелер құра алады.

Өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелер осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген ұлттық қауіпсіздік органдары функцияларының бір бөлігін орындайды.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8-бап. Ұлттық қауіпсіздік комитеті

1. Ұлттық қауіпсіздік комитеті:

1) оны Қазақстан Республикасының Президенті құрады, таратады және қайта құрады және ол Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының жүйесіне кірмейді;

2) Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ведомстволарына, ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық және өзге де органдарына, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдарына басшылықты жүзеге асырады;

2-1) ұлттық қауіпсіздік органдарын мүлікпен қамтамасыз етуді жоспарлауды, оны пайдалануды, сақтауды, есепке алуды және есептен шығаруды ұйымдастырады;

3) ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің негізгі бағыттарын тікелей іске асырады ;

3-1) ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметін ұйымдастыру және оларға жүктелген міндеттерді іске асыру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

4) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 № 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) заңды тұлға болып табылады, оның нақты және шартты атаулары, өзінің нышандары мен айырым белгілері болады.

2. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мәртебесі мен өкілеттіктері Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы Ережемен айқындалады.

2-1. Ұлттық қауіпсіздік органдарының нышандарын, айырым белгілері мен ведомстволық наградаларын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1997.05.16 № 110, 1998.12.09 № 307, 2002.03.21 № 309, 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 № 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

8-1-бап. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ведомстволары

1. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ведомстволары ұлттық қауіпсіздік органдарына олардың қызметінің жекелеген бағыттары бойынша жүктелген міндеттерді іске асыру үшін құрылады.

2. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ведомстволарын:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, таратады және қайта ұйымдастырады;

2) директорлар басқарады, оларды Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңды тұлғалар болып табылады, оның нақты және шартты атаулары болады.

Ескерту. 8-1-баппен толықтырылды - ҚР 1997.05.16 № 110 Заңымен, жаңа редакцияда - ҚР 2002.03.21 № 309 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-бап. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органдары

1. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің астана, облыстар және республикалық маңызы бар қалалар бойынша аумақтық органдары мен оларға бағынышты қалалық және аудандық басқармалары (бөлімдері, бөлімшелері) тиісті аумақтарда ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттерді іске асыру үшін құрылады.

2. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің астана, облыстар және республикалық маңызы бар қалалар бойынша аумақтық органдары заңды тұлғалар болып табылады, олардың нақтылы және шартты атаулары, мөрлері мен мөртабандары, шоттары, негізгі қорлары, әлеуметтік-мәдени және медициналық мақсаттағы объектілері болады.

3. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органдары оперативтік қызметтік жұмысында жергілікті өкілді және атқарушы органдар мен олардың лауазымды адамдарынан тәуелсіз болады.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.12.09 № 307, 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді); 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Әскери қарсы барлау органдары

Әскери қарсы барлау органдары:

1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлерінде және әскери құрамаларында ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттерді шешу үшін құрылады;

1-1) әскери құралым болып табылады;

2) олардың нақтылы және шартты атаулары, мөрлері мен мөртабандары болады;

3) жедел-іздігіру қызметінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлерінде және әскери құрамаларының қолбасшылығынан тәуелсіз болады.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.03.21 № 309, 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-1-бап. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскерлері

Ескерту. 10-1-бап алып тасталды - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10-2-бап. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полиция органдары

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полиция органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өздеріне жүктелген міндеттерді орындауға арналған.

Ескерту. Заң 10-2-баппен толықтырылды - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11-бап. Арнаулы мақсаттағы бөлімшелер

Арнаулы мақсаттағы бөлімшелер терроризм актілерін және жеке адамға, қоғам мен мемлекетке аса қауіпті қол сұғушылықты тыю үшін құрылады.

Арнаулы мақсаттағы бөлімшелер Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы айқындайтын тәртіппен ұлттық қауіпсіздік органдары өткізетін жедел-жауынгерлік және өзге де іс-шараларға қатысады.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.04.08 № 266-IV, 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-1-бап. Арнаулы сараптама кеңесі

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті арнаулы сараптама кеңесін құрады.

2. Арнаулы сараптама кеңесі ұлттық қауіпсіздік органдарын цифрландыру саласындағы мәселелерді қарайды және ұсыныстар және (немесе) ұсынымдар әзірлейді.

3. Арнаулы сараптама кеңесінің ережесі мен құрамы Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті бірінші басшысының бұйрығымен бекітіледі.

4. Арнаулы сараптама кеңесі өз қызметін тұрақты негізде жүзеге асырады.

Ескерту. 2-тарау 11-1-баппен толықтырылды – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-тарау. Ұлттық қауіпсіздік органдарының құзыреті

12-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдарының міндеттері

Ұлттық қауіпсіздік органдары өз өкілеттіктерінің шегінде:

1) Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасының Құрылтайын, Қазақстан Республикасының Үкіметін елдің қауіпсіздігіне төнген қауіп туралы хабардар етуге;

2) "Сыртқы барлау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының мүддесі үшін барлау қызметін жүзеге асыруға;

3) қарсы барлау қызметін жүзеге асыруға;

4) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс негіздерін күштеп өзгертуге, аумақтық тұтастығын бұзуға және ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге бағытталған терроризм мен өзге де қызметті анықтауға, алдын алуға және тыюға;

5) заңмен ұлттық қауіпсіздік органдарының жүргізуіне жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтауға, тыюға, ашуға;

6) Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз әскерилендірілген құрамалардың, басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарының, діни негіздегі партиялардың қызметіне, сондай-ақ шетелдік заңды тұлғалардың, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік қатысуы бар заңды тұлғалардың, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың саяси партияларды, кәсіптік одақтарды қаржыландыруына жол бермеуге және тыюда мемлекеттік органдарға жәрдем көрсетуге;

7) мемлекеттік органдарда, әскери құралымдарда, бөлімдер мен ұйымдарда мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерді қарсы барлаулық қорғау жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асыруға, сондай-ақ аталған салада олардың қызметін бақылауға міндетті. Мемлекеттік және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратқа рұқсат алуды ресімдейтін (қайта ресімдейтін) Қазақстан Республикасының азаматтарына арнайы тексеру жүргізуге;

8) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін қорғаныс кешені, атом энергетикасы, көлік пен байланыс объектілерінің, аймақтардың тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ету объектілерінің және өзге де стратегиялық объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асыруға қатысуға;

8-1) "Қазақстан Республикасының аумақтық қорғанысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы аумақтық қорғанысының міндеттерін орындауға қатысуға;

8-2) аса маңызды цифрлық объектілердің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде цифрландыру саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

8-3) Қазақстан Республикасының цифрландыру саласындағы заңнамасының аса маңызды цифрлық объектілердің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігіндегі талаптарының бұзылуы анықталған кезде нұсқама беруге, оны орындау үшін жіберуге;

9) Алынып тасталды - ҚР 2010.05.27 № 279-IV Заңымен.

9-1) Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің және олардың персоналының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысуға;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау мен Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға, Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелге баруына, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағына келуіне және оның аумағынан тыс жерлерге кетуіне, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасының аумағында болу режиміне қатысты мәселелерді шешуге қатысуға;

11) шет мемлекеттер өкілдіктері мен халықаралық ұйымдардың Қазақстан Республикасының аумағында қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде басқа құзыретті органдармен бірлесе отырып шаралар қолдануға;

12) Қазақстан Республикасы Президентінің нұсқауы бойынша басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп шетел мемлекеттері, үкіметтері басшыларының және халықаралық ұйымдар басшыларының Қазақстан Республикасында болған кезеңінде олардың, сондай-ақ елдің аумағында өткізілетін аса маңызды қоғамдық саяси шаралардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысуға;

12-1) Қазақстан Республикасы Президентінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысуға;

13) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетуді және қорғауды қамтамасыз етуге;

13-1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту кезінде дактилоскопиялық тіркеуден өткен адамдарға қатысты дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басты растау рәсімін жүзеге асыруға;

13-2) Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберуге жататын не Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарттардың күші қолданылатын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды дактилоскопиялық тіркеуді жүзеге асыруға;

14) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

15) жұмысы Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне қатер төндіретін радиоэлектронды құралдармен берілетін радиосәулелерді анықтауға;

16) шифрлау және шифрды ашу жұмысын ұйымдастыруға, үкіметтік байланысты, шифрланған және құпияландырылған байланысты, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдарының мүдделерінде пайдаланылатын арнаулы мақсаттағы телекоммуникация желілерін пайдалануға, дамытуға, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

16-1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы айқындайтын тәртіппен ұлттық қауіпсіздік органдарында жауынгерлік кезекшілікті ұйымдастыруға және атқаруға;

16-2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы айқындайтын тәртіппен ұлттық қауіпсіздік органдарында жауынгерлік қызметті ұйымдастыруға және атқаруға;

17) өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі, соның ішінде мемлекеттік қызметтік құпиялар болып табылатын ұлттық қауіпсіздік органдарының мәліметтеріне техникалық жолмен кіруге жол бермеу жөніндегі шараларды жүзеге асыруға;

17-1) барлау, қарсы барлау, жедел-ізвестіру қызметін жүргізу, осы қызметтің нәтижелері көрсетілген материалдарды іске асыру кезінде астыртын әрекет етуді қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Төрағасының немесе ол уәкілеттік берген лауазымды адамның жедел-қызметтік жұмыс материалдарына жария сипат берілгенге дейін оларға қолжетімділікті шектеуді қамтамасыз ететін өкімдік қызметі арқылы ақпарат көздерінің құпиясын ашуға жол бермеу жөнінде қажетті шаралар қолдануға;

17-2) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

18) ұлттық қауіпсіздік органдарының жұмылу дайындығын қамтамасыз етуге;

18-1) дағдарыстық ахуалдар туындаған, әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуал, төтенше жағдай режимдері енгізілген кезде ұлттық қауіпсіздік органдарының әрекеттер жасауға дайындығын қамтамасыз етуге;

19) ұлттық қауіпсіздік органдары үшін кадрлар даярлауды, оларды қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды жүзеге асыруға;

19-1) ұлттық қауіпсіздік органдарының кадрлық құрамымен тәрбие және идеология жұмысын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы айқындайтын тәртіппен ұйымдастыруға;

20) мемлекеттік қызметке алғаш рет кіретін немесе мемлекеттік қызметті тоқтатқаннан кейін оған қайта кіретін, сондай-ақ судья, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшісі, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның қызметшісі, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның авиациялық қауіпсіздік саласында бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыратын авиация инспекторы лауазымына орналасуға үміткер Қазақстан Республикасының азаматтарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда, шекте және тәртіппен міндетті арнаулы тексеру жүргізуге міндетті.

Міндетті арнайы тексеру жөніндегі нұсқаулықты Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы бекітеді;

20-1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына жұмысқа тартылатын шетел азаматтарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде және тәртіппен міндетті арнайы тексеру жүргізуге міндетті.

Ұлттық қауіпсіздік органдары шетел азаматын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына жұмысқа қабылдаудан бас тартуға негіз болған себепті түсіндірмеуге құқылы;

20-2) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

21) өздерінің қадағалау функцияларын жүзеге асыруына байланысты прокурордың жазбаша талаптарын орындауға;

22) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органның сұратуы бойынша Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды

қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес өздерінің цифрлық жүйелерінен мәліметтерді ұсынуға;

22-1) Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қорғау және ілгерілету жөніндегі шараларды жүзеге асыруға;

22-2) Ұлттық бейнемониторинг жүйесіне қатысушылардың өзара іс-қимылын үйлестіруге;

23) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыруға міндетті.

Ескерту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1997.05.16 № 110, 1998.12.09 № 307, 2002.03.21 № 309, 2002.08.09 № 346, 2009.08.28 № 192-IV (2010.03.08 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.05.27 № 279-IV, 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2013.01.16 № 71-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 № 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 2014.06.10 № 206-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.11.2015 № 417-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 22.12.2016 № 28-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.12.2016 № 41-VI (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.11.2020 № 375-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.09.2025 № 219-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі); 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2026 № 301-

VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2026 № 326-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдарының құқықтары

Ұлттық қауіпсіздік органдарының өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін мыналарға құқығы бар:

1) қарсы барлау іс-шараларын, жалпы және арнаулы жедел-ізвестіру іс-шараларын, криминалистік зерттеулерді жүргізу, Қазақстан Республикасының азаматтарын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы белгілеген тәртіппен штаттан тыс жедел қызметкерлер ретінде ерікті негізде жұмысқа тарту;

1-1) құқыққа қайшы іс-әрекеттің жолын кесу жөніндегі жедел-жауынгерлік іс-шараларды әзірленетін арнайы әдістемелерге сәйкес жүзеге асыру, сондай-ақ арнайы құралдарды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге сәйкес пайдалану;

1-2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы айқындайтын тәртіппен радиоэлектрондық және радиотехникалық барлауды жүзеге асыру;

2) мақсаттары мен әрекеттері мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, Қазақстан Республикасының тұтастығын бұзуға, конституциялық құрылыс негіздерін күштеп өзгертуге бағытталған шет мемлекеттердің арнаулы қызметтеріне және өзге де шетелдік ұйымдарға, қылмыстық топтарға енуді жүзеге асыру;

3) өздерінің әрекеттерімен қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіретін немесе нұқсан келтіретін шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасына кіргізбеу және одан шығарып жіберу туралы мәселелерді өзі дербес немесе құзыретті мемлекеттік органдармен бірлесіп шешу;

4) заңмен ұлттық қауіпсіздік органдарының қарауына жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтауда, алдын алуда, тыюда, ашуда және тергеуде қылмыстық іс жүргізу заңында көзделген шекте орындау үшін басқа органдарға орындалуы міндетті тапсырмалар беру;

5) өздері жүргізіп жатқан материалдар бойынша азаматтарды ұлттық қауіпсіздік органдарына шақыру, олардан түсініктемелер, анықтамалар, құжаттар алып, бұлардың көшірмелерін түсіру, шақыру бойынша келуден бас тартқан адамдарды мәжбүрлеп әкелу;

6) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деген негізді сезік туғызған ретте азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттарын тексеру. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауына сезік келтірілген адамдарды ұстау, ұсталғандардың құжаттарын қарап, жеке тексеру және олардың көлік құралдарын тексеруді, сондай-ақ олардың заттары мен құжаттарын алып қоюды жүзеге асыру;

6-1) терроризмге қарсы операцияға қатысу және терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз ету кезінде "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы"

Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шараларды және уақытша шектеулерді қолдану;

7) арнайы күзетілетін ерекше режимдегі аумақтарға және өзге де объектілерге кіруге әрекет жасаған және кіруге байланысты құқық бұзған, шекара аймағында заңсыз жүрген адамдарды әкімшілік жолмен ұстауды жүзеге асыру. Олардың жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеру, олардан түсініктемелер алу, жеке тексеру, заттарын қарау мен құжаттарын тексеріп алып қоюды жүзеге асыру;

8) қылмыстық құқық бұзушылықтарды болдырмау, құқық бұзушылық жасаған немесе жасады деген күдік туғызған адамдарды қуғындау мен ұстау, ұсталғандарды оларды ұстайтын жерге жеткізу, сондай-ақ оқиға болған жерге жету және шұғыл медициналық көмекке мұқтаж азаматтарды емдеу мекемелеріне әкелу үшін ұйымдардың, әскери құрамалардың және бөлімдердің қарамағындағы байланыс құралдарын, көлік құралдарын пайдалану, иелерінің талап етуі бойынша ұлттық қауіпсіздік органдары осының салдарынан келтірілген нақты залалды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өтейді;

9) егер кідіру адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызса, елдің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін болса, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды жасады деген күдік туғызған адамдарды қудалау мақсатымен ұйымдардың, әскери құрамалардың және бөлімдердің аумақтары мен үй-жайларына және азаматтардың қарамағындағы тұрғын үй-жайлар мен олардың қарамағындағы жер учаскелеріне кідіргісіз кіру. Азаматтардың қарамағындағы тұрғын үйлерге және өзге де үй-жайларға басып кіру оқиғалары туралы ұлттық қауіпсіздік органдары прокурорды жиырма төрт сағаттың ішінде хабардар етеді;

10) өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау таңдалған немесе ұлттық қауіпсіздік органдары қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деген күдікпен ұстап алған адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұстау үшін уақытша ұстау изоляторлары, тергеу изоляторлары бар болуға. Жекелеген жағдайларда, құқық қорғау органдары мен соттар ұстап алғандарды және күзетпен ұсталатындарды, сондай-ақ сотталғандарды ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісу бойынша ұстау үшін пайдаланылады;

10-1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы айқындайтын тәртіппен ұстап алынғандарды және күзетпен қамауға алынған адамдарды айдауылмен алып жүру;

11) Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарындағы, әскери басқару, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарындағы мемлекеттік құпиялардың, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын, арнаулы мақсаттағы телекоммуникация желілерінің және шифрлау жұмысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша бақылауды жүзеге асыру, әдістемелік және практикалық көмек көрсету;

12) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне қатерлерді іске асыруға, тергелуі Қазақстан Республикасының заңнамасымен ұлттық қауіпсіздік органдарының қарауына жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы орындалуы міндетті ұсынуларды мемлекеттік органдарға, әскери құралымдарға, бөлімдер мен ұйымдарға енгізу.

12-1) жеке және заңды тұлғаларға тергеп-тексерілуі Қазақстан Республикасының заңнамасымен ұлттық қауіпсіздік органдарының қарауына жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға жағдайлар туғызатын іс-әрекетке (әрекетке немесе әрекетсіздікке) жол бермеу туралы орындалуы міндетті ресми алдын ала ескертулерді жазбаша түрде хабарлау;

13) Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік құпияларды қорғау туралы белгіленген ережелерді немесе Қазақстан Республикасының заңдарын бұза отырып пайдаланылатын радиоэлектрондық хабар беру құралдарының қолданылуына жол бермеу;

14) ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың цифрлық жүйелерінен көрсетілген мемлекеттік органдармен – бірлескен нормативтік құқықтық актілерде, ал ұйымдармен келісімдерде белгіленген тәртіппен берілетін цифрлық ресурстарды қоса алғанда, мемлекеттік органдардан, әскери құралымдардан, бөлімдер мен ұйымдардан өтеусіз және коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарды сақтай отырып алу;

15) ұлттық қауіпсіздік органдарының құзыретіне енетін мәселелер жөнінде жергілікті өкілді және атқарушы органдарды хабардар ету;

16) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

17) ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің жеке басын, олардың бөлімшелерінің, үй-жайларының және көлік құралдарының ведомстволық тиесілігін немесе ұлттық қауіпсіздік органдарына құпиялылық негізде жәрдем көрсететін азаматтардың жеке басын шифрлау мақсатында басқа мемлекеттік органдардың, сондай-ақ ұйымдардың құжаттарын пайдалану, әзірлеу және (немесе) ресімдеу, оларды пайдалану, әзірлеу және (немесе) ресімдеу тәртібін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы айқындайды.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының мемлекеттік органдарда тіркелуі талап етілетін мемлекеттік органдардың құжаттарын, оның ішінде олардың беретін құжаттарын осы тармақшада көзделген мақсаттарда пайдалануы қажет болған жағдайда, ұлттық қауіпсіздік органдарының өтінімі бойынша тиісті мемлекеттік органдар бірлескен нормативтік құқықтық актілерде айқындалған тәртіппен ұлттық қауіпсіздік органдары үшін оларды өтеусіз негізде әзірлейді және (немесе) ресімдейді;

17-1) басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдарға ұлттық қауіпсіздік органдарына құжаттардың бланктері мен қызметтік куәліктерді, оларды толтыру үлгілерін беру туралы орындалуы міндетті сауалдарды жолдау;

17-2) сыртқы барлаудың және арнаулы мемлекеттік органдардың өзге де субъектілерінің қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің жеке басын, олардың бөлімшелерінің, үй-жайлары мен көлік құралдарының ведомстволық тиесілілігін, сондай-ақ жасырын көмекшілердің жеке басын шифрлау мақсатында сыртқы барлаудың және арнаулы мемлекеттік органдардың өзге де субъектілері үшін басқа мемлекеттік органдардың, сондай-ақ ұйымдардың оларды дайындау және (немесе) ресімдеу тәртібі бірлескен нормативтік құқықтық актілермен айқындалатын құжаттарын дайындау және (немесе) ресімдеу.

Сыртқы барлаудың және арнаулы мемлекеттік органдардың өзге де субъектілерінің мемлекеттік органдарда тіркелуі талап етілетін мемлекеттік органдардың құжаттарын, оның ішінде олардың ұлттық қауіпсіздік органдарының өтінімі бойынша беретін құжаттарын осы тармақшада көзделген мақсатта пайдалану қажеттігі жағдайында, тиісті мемлекеттік органдар бірлескен нормативтік құқықтық актілермен айқындалатын тәртіппен оларды өтеусіз негізде дайындайды және (немесе) ресімдейді;

18) ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттерді орындау және аталған органдардың қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті ұйымдар мен бөлімшелерді Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен құру;

19) арнайы техникалық және өзге де құралдарды қоса алғанда, арнайы байланыс, қару-жарақ және жарактандыру құралдарын әзірлеу, жасау, сатып алу және пайдалану, бұл ретте мемлекеттік шифрлық құралдарды әзірлеу, шығару және жарактандыруға қабылдау және оларды (барлаудың техникалық құралдарынан) арнайы қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Осы мақсаттарда Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен, шет мемлекеттердің арнаулы қызметтерімен және ұйымдарымен шарттар, келісімшарттар жасасу;

20) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемалары жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізу, цифрлық жүйелер мен арнаулы байланыс түрлерінің жүйелерін әзірлеу және жасау;

20-1) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

20-2) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

20-3) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

20-4) арнайы куәландырушы орталықты құру, аккредиттеу, оның қызметін тоқтату;

20-5) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

21) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

21-1) бірлескен нормативтік құқықтық актілерде немесе келісімдерде айқындалған тәртіппен мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың бейнекамераларын және өзге де электрондық жабдық түрлерін пайдалану;

21-2) Интернетке қол жеткізу бірыңғай шлюзінің және "цифрлық үкіметтің" электрондық поштасы бірыңғай шлюзінің жұмыс істеуі мәселелері бойынша ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыру;

21-3) Интернетке қол жеткізу бірыңғай шлюзін және "цифрлық үкіметтің" электрондық поштасының бірыңғай шлюзін дамытуды жүзеге асыру;

21-4) байланыс операторларының қауіпсіздік сертификатын қолдануын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

21-5) байланыс операторлары желілерін интернет-трафикпен алмасу және интернет-трафикті өткізу нүктелеріне қосу тәртібіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

21-6) байланыс операторлары желілерін интернет-трафикпен алмасу және интернет-трафикті өткізу нүктелеріне қосу тәртібін айқындау;

21-7) қауіпсіздік сертификатын беру және қолдану тәртібін айқындау;

21-8) киберқауіпсіздіктің куәландырушы орталығын айқындау;

21-9) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, берілген рұқсаттар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестікке жүргізілетін тексерулер мен жоспардан тыс тексерулер нысанында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнаулы техникалық құралдар салаларында берілген рұқсаттар бойынша мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

22) алынып тасталды;

23) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру

Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.11.16 № 476, 2000.03.29 № 42, 2002.03.21 № 309, 2010.04.08 № 266-IV, 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.04.23 № 14-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 № 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2014 № 185-V (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.11.2014 № 244-V (02.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 22.12.2016 № 28-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ; 10.02.2017 № 45-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2017 № 128-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.06.2020 № 347-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.11.2025 № 231-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.06.2026 № 311-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-1-бап. Ресми алдын ала ескерту

Ресми алдын ала ескертуді (бұдан әрі – алдын ала ескерту) жазбаша нысанда хабарлау туралы шешімді ұлттық қауіпсіздік органының уәкілетті басшысы тексеру аяқталғаннан және жеке немесе заңды тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға жағдайлар туғызатын іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) жасағаны туралы алынған мәліметтер расталғаннан кейін қабылдайды.

Алдын ала ескертуге қол қою құқығы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына немесе оның орынбасарларына, Ұлттық қауіпсіздік комитеті ведомстволарының директорларына, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органдарының бастықтарына тиесілі.

Тергеп-тексерілуі Қазақстан Республикасының заңнамасымен ұлттық қауіпсіздік органдарының қарауына жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау үшін жағдайлар туғызатын іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік), жеке немесе заңды тұлға оны жасағаны үшін алдын ала ескертілетін бұл іс-әрекетке (әрекетке немесе әрекетсіздікке) жол беруге болмайтыны және жауаптылық туралы көрсетіле (келтіріле) отырып, алдын ала ескерту нақты жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаның басшысына (лауазымды адамына) жіберілуге тиіс.

Алдын ала ескертуде жеке немесе заңды тұлғаға оның алдын ала ескертуге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасау құқығы түсіндіріледі.

Алдын ала ескерту хабарланғаннан кейін оның көшірмесі жиырма төрт сағат ішінде прокурорға жіберіледі.

Ескерту. 3-тарау 13-1-баппен толықтырылды - ҚР 03.11.2014 № 244-V (02.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдары әскери қызметшілерінің қару, арнайы құралдар мен күш қолдануға құқығы

Ескерту. 14-бап алып тасталды - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15-бап. Берілген құқықтарды іске асыру

Ескерту. 15-бап алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-1-тарау. ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ ДЕНЕ КҮШІН, АРНАЙЫ ҚҰРАЛДАРДЫ, ҚАРУ МЕН ӘСКЕРИ ТЕХНИКАНЫ ҚОЛДАНУЫ

Ескерту. Заң 3-1-тараумен толықтырылды - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15-1-бап. Дене күшін, арнайы құралдарды, қару мен әскери техниканы қолдану шарттары мен шектері

1. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілері қаруды, әскери техника мен арнайы құралдарды алып жүруге, сақтауға, қолдануға, сондай-ақ дене күшін қолдануға құқылы.

2. Олар арнайы дайындықтан, дене күшін, арнайы құралдар мен қаруды қолдануға байланысты жағдайлардағы іс-қимылдарға жарамдылығын мерзімді тексеруден өтуге міндетті.

3. Қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайларында немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды ұстау кезінде ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкері немесе әскери қызметшісі өзінде қажетті арнайы құралдары немесе қаруы болмаса,

қолына түскен кез-келген құралдарды пайдалануға, сондай-ақ осы Заңда белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен қарулануға алынбаған басқа қаруды қолдануға құқылы.

4. Егер қорғану күзетілетін адамдарға, басқа азаматтарға, күзетілетін объектілерге немесе ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкеріне немесе әскери қызметшісіне өзіне қастандық жасалудың сипатына және қауіптілігіне сай келетін болса, ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкері мен әскери қызметшісі заңдарда көзделген жағдайларда дене күшін, арнайы құралдар, қару және әскери техниканы қолдануға байланысты келтірілген моральдық, материалдық зиян және дене зақымы үшін жауапты болмайды.

5. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің дене күшін, арнайы құралдарды, қару мен әскери техниканы өкілеттілігін асыра қолдануы заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

6. Терроризмге қарсы операциялар жүргізу аймағында терроризмге қарсы операцияларға қатысушы ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің террористерге қатысты дене күшін, әскери және өзге де техниканы, қаруды және арнайы құралдарды, оның ішінде қызметтік жануарларды осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген ескертусіз және шектеусіз қолдануға құқығы бар.

Ескерту. 15-1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

15-2-бап. Дене күшін қолдану

1. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің азаматтардың өміріне, денсаулығына, құқықтарына, бостандығына, жеке басының қадір-қасиетіне, олардың және мемлекеттің меншігіне және қорғалатын мүдделеріне қол сұғатын қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың жолын кесу, құқық бұзушылықтардың сипаты мен нақты жағдайларды ескере отырып, қоғамға қауіпті іс-әрекеттер жасаған адамдарды ұстап алу, заңды талаптарға қарсы іс-қимылды еңсеру үшін, егер күш қолданбау тәсілдері ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етпесе, дене күшін, оның ішінде жауынгерлік күрес тәсілдерін қолдануға құқығы бар.

2. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкері мен әскери қызметшісінің осы Заңда арнайы құралдарды немесе қаруды қолдану рұқсат етілген барлық жағдайларда дене күшін қолдануға құқығы бар.

Ескерту. 15-2-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

15-3-бап. Арнайы құралдарды қолдану

1. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілері қарулануға алынған арнайы құралдарды мынадай жағдайларда:

- 1) азаматтарға және күзетілетін адамдарға жасалған шабуылды тойтару үшін;
- 2) ұлттық қауіпсіздік органдары күзететін ғимараттарға, құрылыстарға, үй-жайларға басқа да объектілер мен көлік құралдарына жасалған шабуылды тойтару үшін, сол сияқты оларды басып алған жағдайларда осы объектілер мен құралдарды азат ету үшін;
- 3) қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау және алдын алу үшін;
- 4) заңсыз қару, оқ-дәрі, жарылғыш, улы және радиоактивті заттары бар адамдарды карусыздандыру үшін;

5) ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлеріне немесе әскери қызметшілеріне, олардың отбасыларының мүшелеріне не күзет іс-шараларын қамтамасыз етуге тартылған басқа адамдарға жасалған шабуылды тойтару үшін;

6) құқық бұзушыларды, ұлттық қауіпсіздік органдарының немесе құқық қорғау органдарының әскери қызметшілеріне немесе қызметкерлеріне өздеріне жүктелген қызметтік міндеттерді атқаруға қарсылық көрсететін немесе қасақана кедергі келтіретін адамдарды ұстау үшін;

7) егер ұсталған, қамауға алынған адамдар, сондай-ақ сотталған, күдікті және айыпталушы адамдар қашып кетуі немесе айналасындағыларға немесе өзінің денсаулығына зиян келтіруі мүмкін деп пайымдауға жеткілікті негіздер болса, оларды күзетпен апару және күзету кезінде, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің немесе әскери қызметшілерінің өздеріне заңмен жүктелген міндеттерді жүзеге асыруына кедергі келтіретін адамдарға қатысты;

8) кепілге алынған адамдарды босату, азаматтардың, күзетілетін адамдар мен объектілердің өміріне, денсаулығына, құқықтарына, бостандығына, жеке басының абыройы мен меншігіне қол сұғатын жаппай тәртіпсіздіктің, топтық іс-әрекеттердің жолын кесу үшін;

9) егер басқа тәсілдермен күзетілетін адамдар үшін нақты қауіпті тойтару мүмкін болмаса, жүргізушісі ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерінің немесе әскери қызметшісінің тоқтау туралы талабын орындамаған көлік құралын тоқтату үшін;

10) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайларында;

11) әуе кеңістігін ұлттық қауіпсіздік органдары объектілері аумағының үстінен пилотсыз әуе кемелері бұзуының жолын кесу үшін қолдануға құқығы бар.

2. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің немесе әскери қызметшілерінің, азаматтар мен күзетілетін адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін шабуыл, топтасқан шабуыл жасаған не қарулы қарсылық көрсеткен жағдайларды қоспағанда, күзетілетін адамға қарата, сондай-ақ жүктілік белгілері анық білінетін әйелдерге, мүгедектік белгілері анық білінетін адамдарға және жас балаларға қатысты арнаулы құралдарды қолдануға тыйым салынады.

3. Ұлттық қауіпсіздік органдары қолданатын арнайы құралдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ескерту. 15-3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.06.2020 № 347-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

15-4-бап. Қару қолдану және әскери техниканы пайдалану

1. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің немесе әскери қызметшілерінің қару мен әскери техниканы соңғы шара ретінде мынадай жағдайларда:

1) азаматтарға, күзетілетін адамдарға, сондай-ақ күзету ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлеріне немесе әскери қызметшілеріне тапсырылған басқа да адамдарға жасалған шабуылды тойтару үшін;

2) ұлттық қауіпсіздік органдары күзететін ғимараттарға, құрылыстарға, үй-жайлар мен басқа да объектілерге және көлік құралдарына жасалған шабуылды тойтару үшін;

3) ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлеріне немесе әскери қызметшілеріне, олардың отбасы мүшелеріне, осы орган күзет іс-шараларын қамтамасыз етуге тартқан басқа да адамдарға жасалған шабуылды тойтару үшін, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдарының қаруын, көлік құралын, арнайы және әскери техникасын тартып алу әрекеттерінің жолын кесу үшін;

4) азаматтарды қылмыстық қол сұғудан қорғау, сондай-ақ кепілге алынған адамдарды, басып алынған күзетілетін объектілерді, ғимараттарды және арнаулы жүктерді азат ету үшін;

5) қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезінде үстінен түскен не тікелей қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін қарулы қарсылық көрсеткен адамдарды, сондай-ақ өзіндегі қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш, улы және радиоактивті заттарды тапсыру туралы заңды талапты орындаудан бас тартқан қарулы адамды ұстау үшін;

6) сыртқы белгілері мен іс-әрекеттерінің жиынтығы басқа азаматтардың, күзетілетін адамдардың және ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің немесе әскери қызметшілерінің өмірі мен денсаулығына төндіретін нақты қауіптің болуын айғақтайтын адамдарды оқшаулау және ұстау үшін;

7) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деп күдік келтірілетін және айыпталатын адамдардың қамауда отырған жерден қашуының немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдікпен ұсталған адамдардың, оларға қатысты қамауға алу түріндегі жаза қолданылған, бас бостандығынан айыруға сотталған адамдардың күзеттен қашуының, сондай-ақ аталған адамдарды күшпен босатуға ұмтылудың жолын кесу үшін;

8) егер жүргізушісі күзетілетін адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп тудырса және ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерінің немесе әскери

қызметшісінің тоқтау туралы талабы бойынша тоқтаудан бас тартса, көлік құралын тоқтату үшін;

9) жануарлардың шабуылынан қорғану үшін;

10) дабыл белгісін беру немесе көмекке шақыру үшін;

11) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайларында;

12) әуе кеңістігін ұлттық қауіпсіздік органдары объектілері аумағының үстінен пилотсыз әуе кемелері бұзуының жолын кесу үшін қолдануға құқығы бар.

2. Азаматтардың, ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің немесе әскери қызметшілерінің және күзетілетін адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндіретін, сондай-ақ олар қарулы шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен, топпен шабуыл жасаған, кепілге адамдарды, объектілерді, көлік құралдарын, оның ішінде әуе кемелерін алған жағдайларды қоспағанда, күзетілетін адамға қарата, сондай-ақ әйелдерге, мүгедектік белгілері анық білінетін адамдарға және кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты қару қолдануға тыйым салынады.

3. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері немесе әскери қызметшілері қару қолданған барлық жағдайларда айналадағы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және зардап шеккендерге кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету үшін қажетті шараларды қолдануға, қару қолданғаны туралы тікелей бастығына баяндауға міндетті.

4. Адамдардың өліміне немесе өзге де ауыр салдарларға әкеп соққан қару, арнайы құралдар, дене күшін қолданудың әрбір жағдайы туралы жиырма төрт сағат ішінде прокурорға хабарланады.

5. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қарулануға алынған қарудың, әскери техниканың түрлері мен ұрыс оқ-дәрілері жиынтығының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ескерту. 15-4-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.06.2020 № 347-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-тарау. Ұлттық қауіпсіздік органдарының кадрлары және олардың құқықтық жағдайы

16-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдарының кадрлар құрамы

1. Ұлттық қауіпсіздік органдарының кадрларын қызметкерлер, әскери қызметшілер және жұмыскерлер құрайды.

2. Ұлттық қауіпсіздік органдарына қызметке жасы он сегізге толған, бірақ заңдарда белгіленген атақтар бойынша шекті жастан аспаған, қажетті жеке, моральдық және

кәсіби қасиеттері, білім деңгейі, денсаулық жағдайы бар және дене бітімі дамыған Қазақстан Республикасының азаматтары ерікті негізде қабылданады.

3. Ұлттық қауіпсіздік органдарының штаттық санының лимитін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Ұлттық қауіпсіздік органдары, сондай-ақ Ұлттық қауіпсіздік комитетіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер қызметкерлері, әскери қызметшілері және жұмыскерлерінің штат санын Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен ұлттық қауіпсіздік органдары штат санының лимиті шегінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы белгілейді.

Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері және әскери қызметшілері

1. Алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Әскери қарсы барлау органдары Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарынан ауыстырылған әскери қызметшілерден жасақталуы мүмкін.

3. Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешу үшін ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілері белгіленген тәртіппен арнаулы мемлекеттік органдарда қызметте және мерзімді әскери қызметте қалдырыла отырып, басшыларының келісімімен мемлекеттік органдарға, сондай-ақ ұйымдарға іссапарға жіберілуі мүмкін.

4. Қызметкерлер ұлттық қауіпсіздік органдарында арнайы есепте тұрады.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының офицерлік құрамы мен солдаттар, матростар, сержанттар мен старшиналар лауазымдарында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілері ұлттық қауіпсіздік органдарының кадрларында, қолданыстағы резервте немесе запаста тұрады.

5. Алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілері санатына ауыса алады.

Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), өзгерістер енгізілді - ҚР 2013.01.16 № 71-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Конституциялық заңымен; 13.11.2015 № 398-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.11.2020 № 375-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің құқықтық жағдайы

1. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілері мемлекеттің қорғауында болады және қызметтік міндеттерін атқару кезінде мемлекеттік билік өкілдері болып табылады.

2. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің немесе әскери қызметшілерінің заңды талаптары жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің немесе әскери қызметшілерінің заңды талаптарын орындамау, оларды қорлау, қарсылық көрсету, күш көрсетумен қорқыту немесе олардың өміріне, денсаулығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне, мүлкіне қол сұғу, оларға жүктелген қызметтік міндеттерді атқаруына кедергі келтіретін, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің немесе әскери қызметшілерінің қызметтік міндеттері мен қызметтік борышын атқаруларына байланысты олардың отбасы мүшелерінің, жақын туыстарының өміріне, денсаулығына, ар-намысына, қадір-қасиеті мен мүлкіне қол сұғу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерінің немесе әскери қызметшісінің денсаулығына және мүлкіне келтірілген залал, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерінің немесе әскери қызметшісінің қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты олардың отбасы мүшелерінің және жақын туыстарының денсаулығына және мүлкіне келтірілген залал бюджет қаражатынан толық көлемде өтеліп, кейіннен бұл сома залал келтірген адамнан өндіріп алынады. Залалды өтеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

3. Шет мемлекеттердің арнаулы қызметтерінде және өзге де шетелдік ұйымдарда, қылмыстық топтарда тапсырмаларды орындап жүрген (орындаған) ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілері туралы мәліметтер мемлекеттік құпияларды құрайды және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ғана жария етілуі мүмкін.

4. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілері саяси партияларда, кәсіптік одақтарда тұруға, қандай да бір саяси партияға қолдау көрсетуге тиіс емес.

5. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілері қылмыстық және өзге де құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілерін әскери тәртіпті бұзғаны үшін жауапқа тарту тәртібі әскери жарғыларда белгіленеді. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлерін тәртіп бұзғаны үшін жауапқа тарту тәртібі "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді.

6. Мемлекет ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің әлеуметтік қорғалуына кепілдік береді.

Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

19-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметшілерінің еңбегіне ақы төлеу, оларды зейнетақымен және өзге де қамсыздандыру

Ескерту. 19-бап алып тасталды - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

20-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерін әлеуметтік қорғау шаралары

1. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкері мен әскери қызметшісінің шет мемлекеттердің арнаулы қызметтерінде және өзге де шетелдік ұйымдарда, қылмыстық топтарда тапсырмаларды орындаған уақыты Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау, әскери немесе арнаулы атақ беру және лауазымдық айлықақы есептеу үшін жеңілдікпен есептеле отырып, еңбек сіңірген жылдарына жатқызылады.

2. Комитет Төрағасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті белгілеген тәртіппен ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің жекелеген санаттарына арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке және әскери қызметке алынғанға дейінгі еңбек қызметінің өтілін еңбек сіңірген жылдарына есептеуі мүмкін.

3. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілері және олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен медициналық және санаториялық-курорттық қызметті пайдаланады.

4. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкері немесе әскери қызметшісі қызметтік міндеттерін немесе кәсіби парызын орындау кезінде қаза тапқан жағдайда

қаза тапқан адамның отбасының ол қаза тапқан күннен бастап бір жылдан кешіктірмей Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасында белгіленген шарттармен және тәртіппен мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға құқығы бар.

5. Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне жіберілген ұлттық қауіпсіздік органдарының ресми өкілдері мен олардың көмекшілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне немесе шетелдік ұйымдарға жіберілген ұлттық қауіпсіздік органдарының өзге де қызметкерлері Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет туралы заңнамасында көзделген еңбекке ақы төлеу және еңбек жағдайлары, сондай-ақ әлеуметтік және медициналық қамсыздандыру, оның ішінде олардың отбасы мүшелерін қамсыздандыру мәселелерінде Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметі қызметкерлерінің тиісті лауазымдарына теңестіріледі.

Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне жіберілген ұлттық қауіпсіздік органдарының ресми өкілдері мен олардың көмекшілері дипломатиялық артықшылықтар және иммунитет мәселелерінде де Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметі қызметкерлерінің тиісті лауазымдарына теңестіріледі. Бұл ретте Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне жіберілген ұлттық қауіпсіздік органдарының ресми өкілдері мен олардың көмекшілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне немесе шетелдік ұйымдарға жіберілген ұлттық қауіпсіздік органдарының өзге де қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілері үшін белгіленген арнаулы немесе әскери атағы бойынша айлықақысы, қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақылары және басқа да үстемеақылары, сондай-ақ құқықтары, кепілдіктері, жеңілдіктері, өтемақылары сақталады.

Қызметкерлері Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне немесе шетелдік ұйымдарға жіберілуі мүмкін ұлттық қауіпсіздік органдары бөлімшелерінің тізбесін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы айқындайды. Бұл ретте оларды Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне немесе шетелдік ұйымдарға жіберу тәртібін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы айқындайды.

Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне жіберілген ұлттық қауіпсіздік органдарының ресми өкілдері мен олардың көмекшілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне немесе шетелдік ұйымдарға жіберілген ұлттық қауіпсіздік органдарының өзге де қызметкерлерінің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет туралы

заңнамасында белгіленген көлемде және тәртіппен, теңестірілген лауазымдар бойынша Ұлттық қауіпсіздік комитеті үшін бөлінген бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне жіберілген ұлттық қауіпсіздік органдарының ресми өкілдері мен олардың көмекшілерінің, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдарының өзге де қызметкерлерінің лауазымдарын Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметі қызметкерлерінің тиісті лауазымдарына теңестіру Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірлескен құқықтық актісімен жүзеге асырылады.

Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 291-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

21-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері

1. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасымен реттеледі.

2. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлерін әлеуметтік қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 21-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.05.15 № 253 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

22-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдары үшін кадрлар даярлау

1. Ұлттық қауіпсіздік органдары үшін кадрлар даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Кадрларды кәсіби даярлауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен тиісті оқу орындары құрылады.

Ескерту. 22-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.03.21 № 309 Заңымен.

5-тарау. Қорытынды және өтпелі ережелер

23-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдарын қамтамасыз ету

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақ жаңа редакцияда көзделген – ҚР 24.06.2026 № 326-VIII (01.01.2029 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Ұлттық қауіпсіздік органдарын қаржыландыру, материалдық-техникалық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ медициналық көмек көрсеткені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан алынған қаражат есебінен жүзеге асырылады.

2. Темір жол, су және әуе көліктерінде, сондай-ақ тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын қорғаныс және стратегиялық объектілерде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысатын ұлттық қауіпсіздік органдарының бөлімшелері, сол сияқты бұларды ұстау мен пайдалану жөніндегі шығыстарды көтеретін тиісті органдар мен ұйымдардың есебінен жабдықталған, оның ішінде байланыс құралдарымен жабдықталған қызметтік үй-жайлармен, сондай-ақ жол жүру үшін бір жылдық қызметтік билеттермен қамтамасыз етіледі. Әскери қарсы барлау органдары сонымен бірге автокөлікпен, жанар-жағармай материалдарымен, қару-жарақпен және тұрмыс-тіршілігі үшін қажетті басқа да мүлікпен, сондай-ақ тұрғын үймен және әкімшілік үйлердің күзетімен осы мақсаттар үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына бөлінетін бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі.

3. Алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 23-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.12.22 № 327 (1999.01.01 бастап күшіне енеді), 2002.03.21 № 309, 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.11.2014 № 244-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2017 № 80-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

24-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметіне бақылау жасау

1. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметіне бақылауды Қазақстан Республикасының Президенті жүзеге асырады.

2. Ведомстволық бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына жүктеледі.

25-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметінде заңдылықтың сақталуын қадағалау

Ұлттық қауіпсіздік органдарының анықтау, тергеу, әкімшілік іс жүргізу және жедел-іздістіру қызметі заңдылығының сақталуына жоғары қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және ол уәкілеттік берген прокурорлар жүзеге асырады.

Ескерту. 25-бап жаңа редакцияда - ҚР 11.07.2017 № 91-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

26-бап. Ескерту. 26-бап алынып тасталды - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

27-бап. Осы Заңның күшіне ену тәртібі

Осы Заң 1996 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енеді.

Осы Заңның 12-бабы 13-1) және 13-2) тармақшаларының қолданысы 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын.

Ескерту. 27-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 29.06.2021 № 58-VII (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 177-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

28-бап. Осы Заңды жүзеге асыру жөніндегі шаралар

1. "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1992 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 11-12, 286-құжат; № 24, 591-құжат; 1993 ж., № 8, 179-құжат) күші жойылған деп танылсын.

2. Алып тасталды - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Алып тасталды - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 28-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Қазақстан Республикасының

Президенті